

Қапалбек Б.С.¹, Кенжеқожаева А.М.²

¹ф.э.к., доцент, Мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры,
²Мемлекеттік тілді дамыту институтының ғылыми қызметкері.

БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ РӨЛІ

Аңдатпа

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тарихында тек ағартушы ретінде танылуының дұрыс еместігі дәлелденеді. Ақынның ағартушылықпен қатар, ұлттық тілімізде әліппе мен оқулық жазуы, қазақ мектебінің қалыптасуына, оның керек-жарақтарының түгелденуіне мұрындық болуы жайлы ізденістері мен қазақ халқы үшін қылған еңбегінің зор екендігі баяндалады. Бүгінгі күнге дейін қолданылып келе жатқан ғалымның қалдырған мұрасын өз дәрежесінде бағалануы қажет. А.Байтұрсынұлы мұралары тарихтың өткен бір кезеңінде қалып, қазір өзінің өзектілігін жойды деген көзқарастардың қате екендігі мақалада жан жақты дәлелденген. Ғалым еңбектерінің қазіргі таңда да ғылыми айналымда жүргеніне нақты дәлелдер келтірілген. Байтұрсынұлы әліппесінің бүгінгі оқулықтарға негіз болып отырғандығы көрсетілген.

Түйін сөздер: А. Байтұрсынұлы, ағартушы, бастауыш, әліппе, мектеп, реформатор.

Kapalbek B. S.¹ Kenzhekozhaeva A. M.²

¹associate professor, executive director of the Institute for the development of the state language,
²research associate of the Institute for the development of the state language

THE EDUCATIONAL ROLE OF BAITURSYNOV IN KAZAKH HISTORY

Abstract

It has been proved that Akhmet Baitursynov was generally recognized in Kazakh history not only as an educator. Along with educational work, he conducted research, reformed the alphabet and developed textbooks for Kazakh schools and did a great job for the spiritual development of the Kazakh people. The legacy of the scientist, which is still used today, should be appreciated. The article comprehensively proved that the legacy of A. Baitursynov did not remain over the past period of history, and also did not lose its relevance. Currently, the work of the scientist is used in scientific circles. It is shown that the Baitursynov alphabet is the basis of modern textbooks.

Keywords: A. Baitursynov, educator, elementary school, ABC, school, reformer.A.

Капалбек Б.С.¹ Кенжеқожаева А. М.²

¹к.и.н., доцент, «Институт развития государственного языка»,
г. Алматы, Республика Казахстан
²НС, «Институт развития государственного языка»,
г. Алматы, Республика Казахстан

ПРОСВЕТИТЕЛЬНАЯ РОЛЬ БАЙТҰРСЫНОВА В КАЗАХСКОЙ ИСТОРИИ

Аннотация

Доказано, что Ахмет Байтурсынов в основном был признан в казахской истории не только просветителем. Наряду с просветительской работой проводил исследования, реформировал алфавит и разработал учебников для казахских школ и сделал огромную работу, для духовного развития казахского народа. Следует ценить наследие ученого, которое используется до сих пор. В статье всесторонне доказано, что наследие А. Байтурсынова не осталось за истекшим периодом истории, а также не утратило своей актуальности. В настоящее время работы ученого используются в научных кругах. Показано, что Байтурсыновская азбука составляет основу современных учебников.

Ключевые слова: А. Байтурсынов, просветитель, начальная школа, азбука, школа, реформатор.

А. Байтұрсынұлы тек ағартушы емес. Сөз жазушының көбі Ақаңды ағартушы деп танып жүр. Солай деп тануды алғаш ақталған кезде мүйізі қарағайдай академиктер бастады. Студент кезімізде академик Зейнолла Қабдоловтың аузынан Ақаңның «Әдебиет танытқышы» [1], мектепке арналған ғой. Қажым Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» [2] кәсіби мектепке, ал мына «Сөз өнері» [3] оқулығы нағыз теориялық білім беретін жоғары мектепке арналған құрал ғой – дегенін талай естідік.

Тоқсаныншы жылдардың басында алғаш Тіл білімі институтына жұмысқа келгенімде сол кездегі үлкен ғалымдардың Ақаңның «Тіл құралдары» [4] үш жылдық мектепке арналған. Ал Құдайберген Жұбанов Қазақ тілі теориясының негізін салған деп түйіндейтін. Бірақ кейін бұл көзқарастардың барлығы қате екендігіне көз жеткіздік.

Ағартушы деген кім? Оның өкілдері ізгілік, әділеттілік идеялары мен ғылыми таным-білім негіздерін тарату жолдары арқылы қоғам кемшіліктерін түзетуге, оның талғам-талаптарын, саясатын, тұрмысын өзгертуге күш салады. Қазақстандағы ағартушылық ойдың қалыптасуына ХІХ ғасырдың 40–60-жылдарындағы орыс ағартушыларының, әсіресе «батысшылдарының», «славянофилдердің» қайсыбір мұраттары қазақ ағартушыларының жанына жақын келді. Олар (Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин) Ф. Достоевскийдің, Н. Добролюбовтың, А. Герценнің, В. Белинскийдің еңбектерімен, ал кейбірі (Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев) олардың авторларымен таныс болатын. Халықшылдықты тәжірибелік іс-әрекетке жетекші етіп, идеялық бағдарға ала отырса да, нақты- тарихи жағдайда халық бұқарасының екіжақты, яғни, әлеуметтік және ұлттық қанаушылық пен жалпы аймақтық артта қалушылық себептеріне байланысты қазақ ойшылдары тұтас алғанда типтік ағартушылық тұғырды ұстанды.

Кеңестік жүйе кезінде ағартушылықтың өзін зерттеушілер деңгейге бөліп қарастырды. Мәселен Б.Кенжебаев ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі мынадай бағыттарды атайды: Феодалдық-клерикалдық, буржуазиялық-либералдық бағыт (А.Мұхамедияров, Ә.Шоқанов, М.Қалтаев, Н.Наушабаев, М.Ж.Көпеев, Ш.Жәңгіров). Демократиялық-ағартушылық бағыт (М.Сералин, С.Торайғыров, Ә.Тәңірбергенов, С.Көбеев, С.Дөнентаев, Б.Өтетілеуов, Ә.Ғалымов) [5, 138]. Ағартушы-демократтық бағыт - ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің көптеген өкілдерінің шығармалары өз кезінде баспасөз беттерінде, әсіресе “Айқап” журналында жарияланып немесе өз алдына жеке кітап болып басылып шығып, жарық көріп отырды. Мысал ретінде осы дәуір әдебиетінің көрнекті өкілдері болып табылатын С. Торайғыров, С. Дөнентаев, С. Көбеев, Т. Жомартбаев, М. Сералин, Ә. Тәңірбергенов, Б.Өтетілеуов, Ә. Ғалымов шығармаларын атауға болады.

Ақаң да о баста осы ағартушылардың қатарында болды. 1901-1904 жылдары мұғалімдік қызметте жүрген кезде Ақаң «Қырық мысал» деп атап, Крыловтың шығармаларын аударды. Одан кейін Ақаң әділет пен шындық жолында халқының мұң-мұқтажын жоқтаған қазақ зиялыларының халықты оянуға, білімге, оқу-ағартуға шақырған өлеңдер топтамасын «Маса» деген атпен Орынборда 1911 жылы шығарды. Жинаққа қойған атына ол едәуір ой, салмақты жүк артқан деуге болады. «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын өлеңдері жалпы, сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес. Ақын өз өлеңдерінде көбіне Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырып дамытқан өрісті ойды, қалып алған дәстүрлерді, гуманистік әуендерді, демократтық бағыттарды жаңа жағдайда өзінше жалғастырушы ретінде көрінеді. Оның өлеңдерінің тақырып қойылысынан, өрнектелуінен, ой жүйелеу мәнерлерінен Абай, Ыбырай үлгілеріне жақындық, үйлесімдік, үндестік байқалады. Солар сияқты А. Байтұрсынов та айнала

қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» сияқты өлеңдердің мазмұны осыны танытады. [6]

Бірақ Ақаң ағартушылықпен іс бітпейтіндігін біліп, қазаққа қатысты барлық іске бел буып кірісті. Бұл жағынан келгенде, Ахмет Байтұрсынов – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға. Бәлкім, біреулерге бұл орынсыз тамсану боп көрінер. Оған дейін де бұл далада Фараби, Яссауи, Қорқыт, Асанқайғы, Ыбырай, Шоқан, Абайлар да өтті ғой десер.

Ол рас. Бірақ, Ахмет Байтұрсынов оларға ұқсайды да, ұқсамайды да. Ұқсайтыны: ол да аталмыш алыптар сияқты ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқыны қалған дүниедегі даму үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей кенде қалып, көрер көзге тығырыққа тірелген халқына адастырмас жол іздеді.

Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынов ондай жол Қорқыт пен Асанқайғыдай үйреншікті үрдісті аман сақтап қалатындай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді; Фараби мен Яссауидей өз тұсындағы кең жайылған антикалық немесе исламдық дүниетанымға уақытылы көшу арқылы барлық мәселені шешуге болады деп ұқпады; Абай, Шоқан, Ыбырайлардай теңдікке жетудің жолында тек ағартушылықпен шектелгісі келмеді. Оның үстіне, бұлардың ешқайсысын да Ахмет Байтұрсыновтың рухани қалыптасуына тікелей әсер етті деу тым асыра айтқандық болар еді. Ол кезде жұрттың көбі Фараби мен Яссауидің заты түгілі атына қанық емес еді.

Шоқан Уалихановтың атына қанық қазақ оқығандары еңбектерімен соншалықты таныс емес еді. Ал, Абайдың атына да, затына да Байтұрсынов тым беріде, өз таңдауын жасап, сол үшін айыпты боп, Семейге ауып барған кезде қанығыпты. Ал бала жасынан жақсы білетін Ыбырай өнегесінің жаңа кезең жағдайында жеткіліксіз екендігіне бастапқы жылдары-ақ көзін жеткізіп үлгерген-ді.

Байтұрсынұлы ықыласы ауған қай салада да ең үлкен беделге ие болды. Әдеби мұрамызды жазуда, зерттеуде, насихаттауда арғы-бергі айтулы шығыс танушыларымен қатар тұрады. Өнер мен мәдениет теориясын жасақтауда күллі түркі дүниесінде ең бірінші боп батыл қадамдарға бара алды [7, 81].

Ақымет Байтұрсынұлының ұлылығы мектеп ісіне араласуынан басталады. Қазақ әліппесі мен оқулықтарын жазуды Ақаң жыйырмасыншы ғасырдың басынан бастады. Нақты айтатын болсақ, усул сотия жолы мен (жаңа әдіспен) тәртіптелген қазақша әліппесін Ақаң 1912 жылы жазып шығарды. Әліппенің ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлынан бастау алатын өз тарихы бар. Ақаң бұй дейді: «Біздің 10-ныншы жылдары шығарып ескі қоймаға тастаған нәрселерімізді кейбіреулер 26-ншы жылдарға дейін тұтынып келіп отырып, соны өзгерту ниетке жаңа ғана кіргенін өздерінше бір артықша жаңашылдық деп біліп, өздерін әлдеқандай өзгерісшіл көріп жүр екен. Тарих жүйелі араб емлесінің тас-талқанын шығарып бұзып-жарып, араб қарпымен-ақ дыбыс жүйелі қазақ емлесін жасап алғанымыздан қабарсыз екен» [8,572].

Мұны Ақаң 1926 жылғы Бакудегі жиыннан кейін айтқан еді және өзі айтқандай, қазақтың дыбыс жүйесін тәртіптеген алғашқы кітабын Орынборда 1912 жылы шығарып еді. Бұл әліппелер толықтырылып, түзетіліп, өзі айдалып кеткен 30-жылдарға шейін Орынборда, Ташкентте, Қызылордада 10 шақты рет қайта-қайта басылып тұрды [96,39]. Ақаң қазақтың өз дыбыстарына ғана таңба арнап, төл әліппе жасаған. Онымен сауат ашу өте оңай болды. Кез келген бала бір айда әріптерді қосып, буындап, жүгіртіп оқып кете беретін болған. Халық бұрынғыдай құран жаттауға байланбай дыбыс жүйелі әдіспен жылдам және жаппай сауаттана бастады. Мұндай әдістемелік жағынан жетілген, ғылыми тұрғыдан өзгелерден озық әліппе жасауға жиырмасыншы ғасырға шейін жазуға байланбай еркін дамыған тіліміздің дыбыстық жүйесінің де оң әсері болды.

Отызыншы жылдардан кейінгі ғылымда, әсіресе қоғамдық ғылымдарда идеология, саясат басым болғандығы қазір бәрімізге мәлім. Ақаңнан кейін бүгінгі «Сауат ашуды» қосқанда қырық түрлі әліппе жазылды. Бірақ төл дыбыстарға негізделіп қасына мұғалімдерге арналған «Баяншысы» бар, ол аз десеңіз сөйлеу, оқу, жазуды ұштастырған «Тіл жұмсары» тағы бар кешенді дүние жасалған емес. Қазіргі қолданыстағы Сауат ашу бойынша әріпті тану міне, наурызда енді аяқталды. Бұл мүлдем дұрыс емес. Авторлар Сауат ашу, Жазу және Тіл дамытуды бір жерге қосып былықтырып жіберген. Әліппенің мақсаты қара таныту. Ақаң: «Әліппенің басты мақсаты – керек сөзді жаза білуге, жазылған сөзді оқи білуге үйрету», – деген еді. Иә, әліппеде басқа мақсат болмауы керек. Бала тілін дамыту тыңдалым, айтылым арқылы Әліппемен қатар жүруі керек. Ол хрестоматияда (атауын әлі ойлану керек) алдымен тыңдалым материалдары өтіліп, барлық әріптермен танысып, әліппені аяқтағаннан кейін оқылым материалдары жүйеленіп ұсынылуы керек. Өйткені әліппенің оқу материалдары әріп таныту, буындарды, жеке сөздерді, шағын

сөйлемдерді түсініп оқуға шақталған. Оның әріп танытуға арналған материалдары 300 сөзге де жетпейді. Ал, монотілді баланың сөздік қоры одан асып төгіліп жатады. Мәселен, ғылымда дәлелденген тұжырым бойынша 6 жастағы баланың тілінде 5 мыңнан аса сөз бірлік болады екен.

Біздің қазіргі мектебімізде керегі жоқ пән көп: үш тану (өзін-өзі тану, дүние тану, жаратылыс тану, орыс тілі, ағылшын тілі). Ал Ақаң бастауышта қандай пәндер оқытылатындығына шейін түгендеп кеткен: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайлы.

Ақымет Байтұрсынұлы бүгінгі жаңартылған бағдарламада айтылып жүрген сан тәсіл мен әдістемеге қатысты түрлі технологияның көбісін сол кезде-ақ айтып кеткен:

- Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек;
- Тірлік шаруасына үйрететін білім тірі білім болуы керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек;
- Істің мәнісін білгенмен әдісін білмесең... дұрыс ештеңе шықпайды;
- Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы таныту керек;
- Әліппенің мақсаты керек сөзді жаза білуге, жазылған сөзді оқый білуге үйрету.

Мұның әрқайсысын түсініп, жеке-жеке мақалалар жазуға болады. Бүгінгі қазақ тілінің білім жүйесі Ақаңның әліппесіне қайта оралып жатыр. Ақаңның әліппесімен сауат ашу өте оңай әрі тез. Бұл туралы Телжан Шонанов былай дейді: «...дети постепенно находя сходства и различия слов, легко и свободно, без особой поддержки учителя, незаметно для себя переходят от легкого к трудному, от простого к сложному, научаясь в то же время читать самостоятельно. Практика показала, что для того, чтобы научиться писать и читать по новому букварю, вполне достаточно 4 недель при средней способности детей» [9,39]. Яғни, біз Ақаң салған жолмен оқитын болсақ, онда әліппені қазіргідей үш тоқсанда емес, өте жылдам бітіретін боламыз.

Отызыншы жылдарға шейін әр ұлттың өздерінің сүйенер, сенер тұлғалары болды. Түркітану ғылымы бойынша ғана айтатын болсақ, өз ұлтының, өз тілінің қамын жеген ғалымдарды сонау 1926 жылы Бакуге жиналғандардың ішінен көреміз. Олардың бәрін жойып, Кеңес үкіметі өздері Мәскеу мен Петерборда оқытқан түркологтар орыс түркітанушыларының айтуына көзсіз бас ұратын болып тәрбиеленді. Ал өз ұлтының тау тұлғалары Бакуде өз пікірлерін еш қаймықпастан ашық айтып отырды. Соның ішінде Ақаң да бар. Бүкіл әлемнен Бакуге жиналған оқымыстылардың (Бартольд, Руденко, Миллер, Шобан заде, Самойлович, Малов, Ашмарин, Менсель, Шерба, Яковлев, Ольденбург және т.б.) алдында Ақаң орыс тілі жөнінде: «Правописание большей частью зависит именно от языка, от свойства языка. Если возьмем, например, язык русский, употребляющий этимологический принцип, то мы должны сказать, что этот язык хаотический, анархический, потому что одни и те же слова, при изменении ударения, принимают совершенно другие формы. Например: «вада», «воды», ударение изменилось, где раньше стоял звук «а», теперь появился «о». Это самый анархический, хаотический язык», – деді [10,417]. Осы жиында мүйізі қарағайдай орыс профессорлары, әсіресе Шерба мен Яковлев түркі әліпбилерінің ішіндегі ең озығы қазақтікі деп таныды. Кейін Н.Ф.Яковлев Ақаңның әліпбиіне қызығып, әрі қарай зерттей түсіп, қатты тәнті болып, «Математическая формула построения алфавита (Байтұрсынұловский алфавит)» деген мақала жазды. Бұл басқа түркілерге үлгі болып, жиырмасыншы жылдың соңында олар да өздерінің ұлттық әліпбилерін жетілдіруге кірісіп кетті. Иә, бізде Ақаң салған дара жол бар. Соған қайта айналып түсуіміз керек. Бұл жолды кеңес үкіметі 1929 жылдан бастап жауып тастаған еді. Енді өз қолымыз өз аузымызға жеткенде сол сара жолды қайта айналып табуымыз керек.

Ия, біз бұл мақалада Ақымет Байтұрсынұлы тек ағартушы ғана емес екендігін дәлелдеп көрсетпек болдық. Ол жайлы әлі талай айтылады да. Әзірше сөзімізді Әбіш Кекілбаев ағамыздың Ақаңа берген бағасымен қорытындылағымыз келед: «Ахмет Байтұрсынов – ұлттық дамудың талай жыл әбден тот басып қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған тегершігін бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз қозғалысқа қосып берген, ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Қазақ тілінің дамуына жер жаралып, су аққалы бергі қалған қазақтың қосқан үлесі бір пара да, байтұрсыновтың бір өзінің сінірген еңбегі бір пара».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. - Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.
2. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. - Алматы: Мектеп, 1964. - 252 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Санат, 2007. - 360 б.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы: Сардар, 2009. - 348 б.
5. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. -288 б.

6. Сәтбаева Ш. Ахмет Байтұрсыновтың «Маса» жинағына талдау. [Электронды ресурс]. – Қосылған мерзімі: <https://bilim-all.kz/article/3830> (жариялануы 28.06.2016).
7. Кекілбайұлы Ә. Ұстаз ұлағаты. // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999. - 567 б
8. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2013. - 630 б.
9. Шонанов Т. Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов в области народного просвещения и литературы // Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. (Қазақша әліп-би). Жетінші басылуы. – Орынбор, 1925. - 72 б.
10. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 444 б.

References:

1. Baitursynov A. literary critic. - Almaty: Atamura publ., 2003. - 208 P.
2. Zhumaliyev K. theory of literature. - Almaty: Shkolnaya STR., 1964. - 252 P.
3. Kabdolov Z. art of words. - Almaty: Sanat publ., 2007. - 360 P.
4. Baitursynuly A. language is a tool. Almaty: Sardar publ., 2009. - 348 P.
5. Kirabaev S. The white pages of our literature. Almaty: bilim publ., 1995. -288 P.
6. Satbayeva Sh.analysis of the collection "Masa" by Akhmet Baitursynov. [Electronic resource]. - Added term: <https://bilim-all.kz/article/3830> (published on 28.06.2016).
7. Kekilbayuly A. Ustaz ulagat. // The great fabric of the national spirit. - Almaty: Nauka publ., 1999. - 567 P.
8. Baitursynuly A. problems of Kazakh linguistics. - Almaty: Abzal-AI, 2013. - 630 P.
9. Shonanov T. Baitursunovich Baitursunov in the region of people's enlightenment and literature // Baitursynuly A. textbook. (Kazakh alphabet-bi). The seventh edition. Orenburg, 1925. - 72 P.
10. Baitursynov A. Language Teaching. - Almaty: native language, 1992. - 444 P.